Қазіргі студенттердің жоғары білім алу мәнмәтінінде, оның ішінде заң мамандықтары бойынша кәсіби қазақ тіліне оқытудың түйінді мәселелерінің бірі — жоғары оқу орнына түсетін студенттер білімінің әркелкілігі болып табылады. Бір жағынан, отандық жоғары оқу орындарының заң факультеттеріне түсетін, оған дейін Қазақстан аумағында тұрған және оқыған студенттер туралы айтатын болсақ, олардың көпшілігі бірдей жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқиды (гимназия, лицей және басқа да жоғары талаптары бар мамандандырылған жалпы білім беретін мекемелердің білім алушыларын қоспағанда). Екінші жағынан, жалпы білім беру бағдарламасы бойынша орта мектепте оқу — оны аяқтағаннан кейінгі бірдей нәтижеге кепілдік бермейді. Еліміздің қазіргі білім беру жүйесі үшін кең таралған жағдай — Астана және одан да басқа ірі мегаполис қалалардағы оқыту сапасы аймақтардағы, тіпті шағын елді-мекендердегі (ауылдар, округ, қала үлгісіндегі кенттер және т.б.). оқыту сапасына қарағанда әлдеқайда жоғары. Әдетте, ірі қалалардың орта білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін қазақ тілі мұғалімдерінің де кәсіби құзыреттіліктері шағын елді мекендердегі мұғалімдерге қарағанда жоғары дамыған.

Мұның бәрі жоғары оқу орындарына түсетін студенттердің белгілі бір үлесі тілдің кәсіби құрамдас бөлігін — кәсіби лексиканы және тиісті стиль ерекшелігін меңгеруді қамтитын қазақ тілін оқыту бағдарламасын оңтайлы

игере алмайтындығына әкеледі. Өйткені оларда жалпы білім беретін қазақ тілінің қалыптасқан құзыреттері қалыптаспаған. Бұл аспект белгілі бір жоғары оқу орны шеңберінде заң мамандықтарының студенттері үшін қазақ тілін кәсіби деңгейде оқытудың кешенді әдістемесін әзірлеуде сөзсіз ескерілуі керек.

Оқытудың дәстүрлі әдістемелеріне мыналар жатады: заң пәнінің кәсіби тақырыптарын қамтитын мақалаларды, жаңалықтарды, теориялық материалдарды оқу; зерттелген теориялық тақырыпты, мақалада оқылған қандай да бір ғылыми-зерттеу сұрағын баяндау; заң тілінің кәсіби лексикасын зерделеу; қазақ тіліндегі нормативтік-құқықтық актілерді талдау (оқу, аударма, талдау, студенттің оқығанын қаншалықты түсінгенін анықтауға мүмкіндік беретін сұрақ-жауап); сот тәжірибесінің мысалдарын талдау; белгілі бір заң мәселелерін талқылауды көздейтін тақырыптар бойынша диалогтардың аудиожазбаларын тыңдау.

Оқытудың дәстүрлі емес әдістемелерінің ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: деректі және көркем фильмдерді аудиториямен немесе өз бетінше қарау, қарап шыққаннан кейін студенттің фильмдегі оқиғаларды қаншалықты түсінгенін бағалауға мүмкіндік беретін бірқатар тапсырмаларды орындау; студенттер топтарға бөлініп, мұғалім тағайындаған немесе өз бетінше таңдаған қандай да бір құқықтану тақырыптарын талқылайтын әртүрлі үлгідегі диалогтық сабақтарды ұйымдастыру; спикинг клубтар және сөйлеу дағдыларының аудиториядан тыс тәжірибесінің басқа да әдістері; студенттердің жобалық қызметі (Азизова, 2016).

Егер топтың көп бөлігінің білім деңгейі төмен болса, дәстүрлі және дәстүрлі емес оқыту әдістерін жүзеге асыру үшін материалдарды сұрыптағанда, топтың орташаландырылған деңгейіне бейімделген материалдарды таңдау ұсынылатынын айта кету керек. Өкінішке орай, жоғары оқу орнында қазақ тілін оқыту аясында көптеген оқытушылар әр жеке студенттің білім деңгейіне сәйкес материалдарды таңдап отырмайды. Дегенмен, студенттердің қазіргі тілдік білім деңгейін анықтау үшін кіріспе және кезеңдік тестілеуді өткізіп, студенттерді топтарға бөлу арқылы мұғалімге түсетін жүктемені айтарлықтай арттырмай-ақ, мұны жүзеге асыруға әбден болады. Оқытудың белгілі бір әдістерін жүзеге асыру барысында студенттердің әр тобы үшін оның тіл дамуының жалпы деңгейіне сәйкес келетін оқу материалын таңдауға болады. Бұл тәсіл ең тиімді болып табылады.

Қазақ тілін оқытудың заманауи әдістемесінде коммуниктивтік (қатысымдық) құзырет қалыптастыруға баса назар аударылады. Заң қызметкерінің коммуниктивтік құзыретін «маманның арнайы қалыптасқан білім мен дағдылар негізінде әртүрлі құқықтық іс-әрекеттерді орындау және құқықтық мәселелерді шешу үдерісінде қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеті» деп анықтауға болады (Азизова, 2016).

Осыған байланысты, «Кәсіби қазақ тілі», «Практикалық қазақ тілі» пәндері аясында заңгер даярлау студенттерге мамандық тілін оқытуды және олардың қазақ тілінде кәсіби қызметті орындау үшін қажетті қабілеттері мен дағдыларын

қалыптастыруды талап етеді. Олар: құқықтық мазмұндағы мәтіндерді жеңіл түсініп игеру, хабарламалар жасау, әңгіме жүргізу, кәсіби тақырыптар аясында заң құжаттарын жасау.

Заң факультеттерінің студенттерінде осы құзыреттерді қалыптастыру мен дамытудың ең тиімді әдістері: пікірталастар, дөңгелек үстелдер, рөлдік ойындар.

Студенттерде қазақ тілін үйренуде коммуникативтік құзыретін қалыптастырудың ұсынылған әдістемелері оқу қызметі түрінде (аудиториялық сабақтар барысында), сондай-ақ, сыныптан тыс іс-шаралар ретінде де жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар, қазақ тілінде коммуникативтік құзыретті дамытудың тиімді және инновациялық әдістемелеріне отандық жоғары білім беру жүйесі шеңберінде және студенттерге осы жүйе мәнмәтінінде қазақ тілін оқытуға арналған сыныптан тыс оқыту әдістемелері жатады:

1-кесте. Сыныптан тыс оқыту әдістемелері

Сыныптан тыс оқыту әдістемелері	Құрылымы
Speaking club.	Бұл жағдайда отандық және шетелдік заңнаманың әртүрлі нормативтік-құқықтық мәселелері бойынша жаңалықтарды талқылау, сот тәжірибесінің нақты істері бойынша әртүрлі қайшылықты мәселелерді, заң пәнінің әртүрлі салаларында қолданыстағы заңнаманың ағымдағы мәселелерін және тағы да басқаларын талқылау мақсатында сыныптан тыс Speaking club ұйымдастыру көзделеді. Speaking club-ты оқытушы да, студенттердің өздері де ұйымдастыра алады. Клуб мүшелерінің тілдік дағдыларын тез дамыту үшін аптасына 1-3 рет жиналып өткізу ұсынылады. Студенттерді клубқа қатысуға ынталандыру үшін оқытушы кәсіби қазақ тілі курсынан өту кезіндегі жалпы бағадан, студент клуб қызметіне тұрақты қатысу арқылы алатын белгілі бір ұпай санын бөле алады.
Заң бағытында оқитын басқа оқу орны студенттерімен қарым-қатынас	Форумдарда, Skype, Telegram, Whatsapp және басқа қосымшалар арқылы онлайн байланысқа шығу. Студент құқықтық форумдарда өзін қызықтыратын тақырыптағы талқылауларға қатыса алады. Сондай-ақ, тұрақты қарым-қатынас жасау үшін университет форумдарында басқа жоғары оқу орындарының студенттері арасында достар табу мүмкіндігі бар. Коммуникативтік құзыретті дамытудың осы әдісін қолдана отырып, студент жазу дағдысын жаттықтырып, грамматикалық білімін арттыруға мүмкіндік беретін жазбаша хабарлама форматында да, сонымен қатар тыңдалым және айтылым дағдыларын жетілдіретін аудио-хабарлама немесе бейнечат форматында да сөйлесе алады. Осы жағдайлардың кез-келгенінде студент коммуникативтік құзыретті дамытып қана қоймай, сөздік қорын да арттырады

Аталмыш әдістемені нәтижелері көрініс табатын практикалық жоба түрінде қолдануға болады. Егер әдістеме студенттің жобалық қызметі түрінде қолданылатын болса, жобаның ең қысқа мерзімін 3 ай деп белгілеу ұсынылады.

Мұндай жобаның нәтижелерін ұсыну келесі үлгілердің бір түрінде ұйымдастырылуы мүмкін:

1) студенттің 5-7 минуттық ауызша баяндамасы, ол келесі құрылымға ие бола алады: жобалық қызметтің субъектісі кім болды (қай жоғары оқу

орнының студенті); қандай платформада немесе қандай құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасады; жоба барысында қандай тақырыптар мен мәселелерді талқылады; белгілі бір мәселе бойынша басқа оқу орнының студенттері қандай көзқарастарды ұстанады (соңғысы объективті түрде студенттің басқа студенттермен топтық қарым-қатынасы аясында ғана, әйтпесе ол өз әңгімелесушісінің көзқарасын қысқаша ғана айта алады); өзімен әңгімелесушісінің немесе әңгімелесушілердің талқыланатын мәселелер бойынша көзқарастарымен келісе ме, келіспесе, неге. Бұл баяндама студенттің хат алмасуынан алынған скриншоттарды немесе байланыста болған студенттермен нақты қарым-қатынасты растайтын қысқа бейнежазбаларды көрсету арқылы қамтамасыз етіле алады;

2) студенттің коммуникативтік құзыретін сипаттайтын, студентпен қарым-қатынасқа бейне-пікір, сондай-ақ, заң пәніне қатысты талқыланған мәселелер туралы қысқаша анықтама, көптеген мәселелер бойынша студенттердің көзқарастарының сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі туралы анықтама;

3) презентациялық сабақ барысында, проектор арқылы «қоңырау шалу» трансляциясымен студенттің басқа оқу орны студенттерімен бейне қоңырауы. «Қоңырау шалу» барысында педагогпен әңгімелесу кезінде студенттердің қарым-қатынасының қысқаша қорытындысын көрсету, сондай-ақ, алдыңғы жағдайлардағыдай қысқаша талқыланған мәселелер мен солар бойынша көзқарастардың сәйкес келу-келмеуін жариялау ұсынылады (Токтоназарова, 2020). Соңғы нұсқа студенттің жобалық қызметінің нәтижелерін бағалау үшін ең қызықты және шынайы болып табылады, бірақ отандық білім беру және көптеген жоғары оқу орындарын техникалық қамтамасыз ету жағдайында жүзеге асыру қиын.

Заң бағытында оқитын білім алушылардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру моделі компоненттердің бірлігін (*мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік*), өлшемдер мен көрсеткіштерді, деңгейлерді қарастырады (2-кесте).

2-кесте. Болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығын қалыптастырудың моделі

Компоненттері	Өлшемдері	Көрсеткіштері	Деңгейлері
Мотивациялық	<i>Құқықтық сауаттылыққа бағыттылығы</i>	Құқықтық сауаттылыққа талпынысы; құқықтық сауаттылықты қажеттенуі; құқықтық сауаттылыққа қызығушылығы.	Жоғары: - құқықтық білімнің жоғары дәрежеде қалыптасып, дамуы; - құқықтық санасы мен мәдениетінің, белсенділігінің сапалы қалыптасып, дамуы; - құқықтық білімді, саналы азаматтың құқық бұзушылыққа бармауына сенімді болуы мақсатында сапалы құқықтық өнеге көрсетуге ұмтылуы; - өзінің құқықтық мәдениетіне, құқықтық іскерлігі мен дағдысына өзіндік баға бере білуі; - құқықтық білім мен тәрбие беру

Мазмұндық	<i>Құқықтық сауаттылық білімі</i>	Құқықтық сауаттылықтан теориялық білімінің болуы; құқықтық сауаттылықтың функцияларының білімі; құқықтық сауаттылықтың мәнін, ерекшеліктерін, құрылымдық компоненттерін білуі; құқықтық сауаттылық әрекеттерді ұйымдастыру мен тәсілдерін білу.	жұмыстарын іскерлікпен ұйымдастыра білуі; - ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуы және оны әдетке айналдыруы. Жеткілікті: - құқықтық білімнің жеткілікті дәрежеде қалыптасып, дамуы; - құқықтық санасы мен мәдениетінің, белсенділігінің жеткілікті дәрежеде қалыптасып, дамуы; - құқықтық білімді, саналы азаматтың құқық бұзушылыққа бармауына сенімді болуы мақсатында жеткілікті дәрежеде құқықтық өнеге көрсетуге ұмтылуы;
Іс-әрекеттік	<i>Құқықтық сауаттылықты іс-әрекетте көрсете білу.</i>	Құқықтық сауаттылығын, меңгерген білімін іс-әрекетте пайдалану іскерлігі; құқықтық іс-шараларды ұйымдастыруда жергілікті материал элементтерін тиімді қолдану іскерлігі; құқықтық қауіпсіздіктің алдын алу шараларына талдау жасау қабілеті	- өзінің құқықтық мәдениетіне, құқықтық іскерлігі мен дағдысына жеткілікті дәрежеде баға бере білуі; - құқықтық білім мен тәрбие беру жұмыстарын жеткілікті дәрежеде ұйымдастыра білуі; - ғылыми-зерттеу жұмыстарымен жеткілікті дәрежеде айналысуы; Орта деңгей: - құқықтық білімдерінің орташа дәрежеде қалыптасып, дамуы; - құқықтық санасы, мәдениеті мен белсенділігінің орташа дәрежеде қалыптасуы; - құқық қорғау процесіне жеке адамның әсер ету мүмкіндіктерін түсінуі; - болашақ кәсібіне байланысты кездесетін кейбір мәселелерді түсінуі; - құқықтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда кейбір дағдыларға иеленуі. Төмен деңгей: - өзіндік құқықтық білімі мен біліктілігін арттыруға талпынбауы; - құқықтық санасы мен мәдениетінің, белсенділігінің төмендігі; - құқық қорғау әрекеттеріне белсенділікпен қатыспауы, қызығушылықтығын білдірмеуі; - құқықтық іскерлікті өз бойына қалыптастыруды міндеттемеуі немесе қажет етпеуі.

Мотивациялық компонент. Кез-келген қызметтегі маңызды мотив дәлелді себептер болып табылады. Болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығы

және құқық саласындағы қызметінің іс-әрекеттік қарым-қатынасы ретінде айқындауға болады, оның негізінде саналы түрде қойылып, белгілі бір түрде дәйектелген мақсат болады. Болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығын қалыптастырудың *мотивациялық* компоненті құқық саласы бойынша жоғары оқу орындарындағы болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығының, кәсіби білімі мен құзырлығының қалыптасуына және қоғамдағы, мемлекеттегі кездесетін құқықтық заң бұзушылыққа жол бермейтін құқықтық білімсіздікті жоюға даяр болашақ заңгер маманы ретінде қалыптасуына көмектеседі. Бұл компонент болашақ заңгерлердің рухани адамгершілік қасиеттерін, білімділігін, тәртібін, эстетикалық талғамын, этикалық ұстанымын және т.б. тұлғалық қасиеттерін сипаттайды және құқықтық санасын, мәдениетін, белсенділігін арттырады.

Мазмұндық компонент болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығын әдіснамалық, теориялық білімінің негізінде қалыптастырудың және атап айтқанда, құқықтық кәсіби іс-әрекетіне даярлығын зерттеудің шешуші шарты болып табылады. Білім алушылар мазмұндық компонент шеңберінде құқықтық саладан кәсіби шеберлігін нығайтады, құқықтық тәрбие жұмыстары туралы білім қорын жетілдіреді, әдіс-тәсілдер мен құралдарының мазмұны мен танысады, оларды пайдалану құралдарын меңгереді. *Мазмұндық компонент* болашақ заңгерлердің бойында қалыптасатын құқықтық, интеллектуалдық және практикалық іскерліктерді дамыту мен оларды жетілдіру мақсаттарында жүргізетін зерттеу жұмыстарын, тәжірибелерін сипаттайды.

Іс-әрекеттік компонент болашақ заңгерлердің жоғары оқу орындарында теориялық білімдерін практика барысында бекіту, педагогикалық іскерліктері мен дағдыларын жетілдіру мәселелерін қамтиды. Мұнда болашақ заңгерлердің кәсіби іскерлігі мен дағдысының, құзырлығының сапалы дамуы үшін оқу-танысу және өндірістік практикалардан өтудің маңыздылығы зор.

Тәжірибелік-эксперимент жұмыс Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде үш кезең бойынша (*анықтау, қалыптастыру, бақылау*) жүргізілді. Экспериментке 47 студент қатысты, оның 29 эксперимент тобында, 18 студент бақылау тобында.

Педагогикалық экспериментке тән ерекшеліктер болып:

- педагогикалық үдеріске зерттеу және болжамның міндетіне сәйкес маңызды өзгерістерді әдейі енгізу;
- оның біртұтас сипатын бұзбай, құбылыстардың арасындағы байланыстарды көруге мүмкіндік беретін педагогикалық үдерісті ұйымдастыру;
- терең сапалы талдау және мүмкіндігінше педагогикалық үдеріске енгізілген жаңа компоненттерді және барлық үдеріс нәтижелерін дәлірек сандық өлшеу саналады.

Эксперимент барысында болашақ тіл мамандарын кәсіби даярлау үдерісіне жоғарыда ұсынылған тұжырымдамалық бағыт-бағдар қағидалары мен оқу бағдарламалары ендіріледі.

Эксперимент мынадай міндеттерді қарастырады:

1. Құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға негізделген оқу үдерісінің құрылымын оңтайландыру;

2. Зерттеу барысында жасалған бағдарламаларды құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға негізделген пәндерді меңгерту;

3. Болашақ заң саласы мамандарын кәсіби даярлау үшін жасалған әдістемені практикаға ендіру;

4. Заң саласы мамандарын кәсіби даярлау үдерісінің тиімділігін қамтамасыздандыратын оңтайлы әдістемелік технологияларды және құралдарды айқындау;

5. Тәжірибелі-эксперимент жұмысы нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеуден өткізу.

Әр кезеңнің соңында төмендегідей әдістеменің («Қоғамдық іс-әрекетке көзқарас», дидактикалық ойындар, анықтамалық-ассоциативті эксперименттер және т.б.) көмегімен меңгерілген бағдарламалардың сапасын байқау мақсатында аралық тапсырмалар жүргізілді.

Мысалы, «Қоғамдық іс-әрекетке көзқарас» әдістемесінде студенттерге жағдаяттық тапсырмалар берілді. Берілген жағдаят мазмұнында қолданыста сирек кездесетін терминдер кірістірілді. 5-7 минут аралығында жауаптары тыңдалды.

Бірінші кезеңнің нәтижесі құқықтан студенттер білімінің жеткіліксіздігін көрсетті. Мәселен, «делдал», «грациялық күн», «шайыр» сынды сирек кездесетін құқық терминдерінің мәніне 45% студент дұрыс жауап бермеді. 25%-і отбасы құқығына, жалпы азаматтық құқыққа байланысты терминдерді жеткілікті шамада ажырата алмады.

Бұл кемшіліктер қалыптастыру экспериментінің *екінші кезеңінде* құқық теориясы бойынша даярланған кешенді сұрақтар мен дәрістерді меңгеру барысында шешімін тапты. Білім нәтижесі әрбір тақырыптың соңында тексеріліп отырды. Мысалы «Танымдық қызығушылық» әдістемесінің мазмұны мынадай көрініс алды: Мақсаты – студенттердің құқықтық сауаттылыққа танымдық қызығушылығының бар екендігін білу. Өткізу тәртібі: студенттерге ешбір ескерусіз және даярлықсыз мына аталған тақырыпта (қалауы бойынша) шағарма жазу ұсынылды:

1. *Құқық туралы мен не білемін?*

2. *Құқық мені несімен қызықтырады?*

3. *Құқықтық сауаттылық дегенді қалай түсінемін және т.б.*

Шығарма, біріншіден тақырыпты таңдау бойынша, екіншіден мазмұны бойынша талданады. Мұндай талдау студенттің қызығушылық деңгейін белгілеуге және осы қызығушылықтың қаншалықты тұрақты екенін білуге бағытталады. Екінші кезеңнің нәтижесі студенттердің құқықтық сауаттылығының бірқатар өскенін көрсетті.

Үшінші кезеңде біз студенттердің осы саладан білім, іскерлік, дағдысын жетілдіру мақсатында дәстүрлі емес жұмыс формаларына аса назар аудардық: лекция — диалог, бейнетаспадан үзінділер, заңнан келтірілген терминдерге

өзіндік түсініктеме беру және т.б. Білім нәтижесін тексеру мақсатында анықтамалық және ассоциативті тапсырмалар ұсынылды.

Анықтамалық экспериментте студенттерге 25 термин ұсынылды. Бұл ретте студенттер «заң термині» ұғымын ашпады, тапсырмаларға түсініктемелерді де барынша аз бердік, өйткені егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, нәтижесінде ғылыми құндылығы жоқ, көбіне мысалдармен ұсынылған нәтижелерге қол жеткізер едік.

Анықтамалық эксперименттің коммуникативті міндеті қарапайым тіл иелерінің заң терминдерінің мағынасын түсіндіруі болды. Субъектілерге “*Бұл сөздер қандай мағынаға ие?*” деген сұрақ қойылған сауалнамалар ұсынылды. Алдын ала іріктелініп алынған терминдер бар сауалнаманы эксперименттің әрбір қатысушысы сұраққа жауап бере отырып, оны 10-15 минут ішінде толтыруы керек еді. Осыдан кейін біз алынған түсіндірмелерге семалық талдау жасадық.

Экспериментке ұсынылған 25 терминнің екеуіне талдау жасап көрейік. Терминдердің сөздіктердегі және қарапайым түсіндірмелері 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. Заң терминдерінің түсіндірмесі

Термин	Сөздіктегі түсіндірме	Студенттердің түсіндірмесі
Әскери жағдай	1.Мемлекетті қорғау немесе қоғамдық тәртіпті және мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін төтенше шараларды енгізу мен сипатталатын ерекше құқықтық тәртіп (Г.А.Жаналинов). 2. Тәртіп пен мемлекеттік қауіпсіздік шаралары әскерилерге жүктелген жағдай. Қазақстан Республикасының президенті Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген ретте Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекеленген жерлерінде әскери жағдай енгізеді, ішінара немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды (ҚР Конституциясы) (Ғ.Қалиев)	1.1 Әскери қауіп туындаған кезде мемлекеттегі режим (5), 1.2 арнайы шараларды енгізумен сипатталады: адамдардың бостандығын шектеу, коменданттық сағат енгізу (3). 2.1 Соғыс қимылдары кезінде елде туындайтын жағдай (17), 2.2 әскери араласуды қажет етеді (1). 3. Әскери міндет, әскери қызмет (2). 4. Заңдар мен ережелер жинағы (1).
Мемлекет	1.Мемлекеттік биліктің, мемлекеттік басқарудың, соттар мен прокуратураның орталық және жергілікті органдары жүйесінің көмегімен қоғамды басқаруды жүзеге асыратын саяси жүйенің негізгі құрамдас бөлігі (А.Болатжан) 2.Қоғамды басқаруды, оның экономикалық және әлеуметтік құрылымын құрғауды іс жүзіне асырушы қоғамның саяси жүйесінің негізі, марксистердің пікірінше,таптық антогонистік қоғамда эконмикалық жағынан үстем таптың қолында болады және ең алдымен солардың әлеуметтік қарсыластарын басу үшін пайдаланылды (Р.Н.Нұрғалиев)	1. ел (2). 2.1 шекаралары бар белгілі бір аумақ (14), 2.2 белгілі бір халық тұрады (2), 2.3 құқықтары мен міндеттері бар (3), 2.4 заңдары бар (1), 2.5 көшбасшы, басшы (3), 2.6 егемендік (1), 2.7. символизм (1), 2.8 билік органдары (2).

Жүргізілген анықтамалық эксперимент заң терминдерін қарапайым түсіндірудің келесі ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді:

1. Заң тұрғысынан бірмағыналы терминдер қарапайым тіл иесі үшін көп мағыналы болып шығады. Мәселен, *«әскери жағдай»* термині қарапайым түсіндірмеде бес мағынаға ие: *“әскери қауіп туындаған жағдайдағы мемлекеттік режим, адамдардың бостандығын шектеу, коменданттық сағат енгізумен сипатталады”*; *“соғыс қимылдары кезінде елде туындайтын жағдай, әскери араласуды қажет етеді”*; *“әскери міндет, әскери қызмет»*; *“заңдар мен ережелер жинағы»*; *“әскери білімге ие болу”*. Ұсынылған мағыналардың біріншісі осы терминнің заңды түсіндірмесіне жақын, сонымен бірге ол қарапайым түсіндірмеде жиілігі бойынша екінші орында.

2. Лексикографиялық мағынадағы нақты қолданылатын ұғымның көптеген семантикалық белгілері көрінбейді, керісінше, нормативті лексикографиялық сипаттамаға енген кейбір белгілер шеткері болуы мүмкін. Яғни, тіл иелерінің санасында әлсіз көрініс табады немесе мүлдем көрінбейді. Мысалы, *“мемлекет»* заң терминінің *“белгілі бір халық тұрады»*, *“құқықтары мен міндеттері бар”*, *“басында - көшбасшы, басшы”*, *“заңдары бар”*, *“егемендікке қол жеткізген”*, *“рәміздері бар”* сияқты қарапайым тіл иелері үшін мағыналы семалар бұл терминнің лексикографиялық мағынасында бекітілмеген.

3. Абстрақтылы лексиканың орнына жалпы қолданылатын нақты лексиканы қолдану (адам – жеке тұлға, тұлға, субъект).

4. Ұсынылған заң терминдерін түсіндірудің басым стратегиясы — Конституция терминдері мазмұнының көрсетілген шындықпен сәйкестігін орнатуға бағытталған анықтамалық стратегия.

5. Конституция терминдерін түсіндірудің қосымша стратегиясы ретінде көптеген ассоциациялар субъективтілігінің жоғары дәрежесімен сипатталатын ассоциативті стратегия алынды: *әскери жағдай - бейбітшілік, мемлекет — қуатты және т.б.*

6. Бірқатар заң терминдерін түсіндіру кезінде уәжді белгілер негізге алынады: *әскери жағдай - әскери қауіп туындаған кезде мемлекеттегі режим / соғыс қимылдары кезінде елде туындайтын жағдай / әскери міндет / әскери білімге ие болу.*

Ассоциативті эксперимент барысында субъектілерге *“Бұл сөздер сізде қандай ассоциация тудырады?”* деген сұрақ қойылған сауалнамалар ұсынылды. Субъектілердің сөздік реакцияларына ешқандай шектеулер қойылмады. Экспериментке қатысушылар бірнеше нұсқа ұсына алды (бір сөзге 3-4 нұсқаға дейін ұсынғандар да болды). Сауалнаманы толтыру уақыты 10-15 минутпен шектелді. Талдауларға келетін болсақ:

1. «Әскери жағдай» терминінің ассоциативті өрісін қалыптастыру.

1) Әскери жағдай - соғыс 9, әскер 3, қорғаныс 2, бейбітшілік 2, бекет 2, сарбаздар 2, агрессия 1, жауынгерлік дайындық 1, ауыр 1, қала аумағындағы көптеген сарбаздар мен техникалар 1, әскери міндет 1, азаматтардың әскери міндеті 1, адамдардың әскери міндеті 1, әскери іс-қимыл 1, жау 1, аштық 1,

қызыл шамдар 1, бейтараптық 1, қорғаныс 1, шектеу 1, бостандықты шектеу 1, қауіп 1, қоршау 1, жаман 1, соғыс алдындағы уақыт 1, тәртіп 1, дабыл 1, қызмет 1, сыртқы саяси істердің жағдайы (бейбітшілік, соғыс) 1, одақтастар мен жаулар 1, азап 1, қорқынышты 1, зиян 1, нысан 1, хаос 1.

2) Ассоциаттардың семалық интерпретациясы.

а) мемлекетті қорғауға арналған төтенше шаралар (армия 3, қорғаныс 2, бекет 2, сарбаздар 2, жауынгерлік әзірлік 1, қала аумағындағы көптеген сарбаздар мен техникалар 1, әскери міндет 1, азаматтардың әскери міндеті 1, адамдардың әскери міндеті 1, қызыл шамдар 1, қорғаныс 1, шектеу 1, бостандықты шектеу 1, тәртіп 1, дабыл 1, қызмет 1, нысан 1); ә) Қазақстан Республикасына қарсы жағдайларда, агрессияларға қатысты (соғыс 9, бейбітшілік 2, агрессия 1, соғыс қимылдары 1, жау 1, бейтараптық 1, қауіп 1, қоршау 1, соғыс алдындағы уақыт 1, сыртқы саяси істердің жағдайы (бейбітшілік, соғыс) 1, одақтастар мен жаулар 1); б) салдар (ауыр 1, аштық 1, жаман 1, азап 1, қорқынышты 1, зиян 1, хаос 1).

3) Алынған семаларға өрістік талдау.

Сөз семантикасының өзегін – а, ә семалары; алыс шеткері аймағын - б семалары құрайды.

Келесі кезекте талдауға түскен сөздер компоненттер бойынша жіктелді (4-кесте):

Ақпараттық құрамбөлік	Эмоционалды-бағалау құрамбөлігі	Энциклопедиялық құрамбөлік	Тәжірибелік құрамбөлік
соғыс, әскер	ауыр, жаман, қорқынышты	армия, қала аумағындағы көптеген сарбаздар мен техникалар, әскери міндет, азаматтардың әскери міндеті, адамдардың әскери міндеті, аштық, қызыл шамдар, шектеу, бостандықты шектеу, қауіп, дүрбелең, дабыл, сарбаздар, азап, зиян, хаос, нысан	қорғаныс, қорғау

2. «Мемлекет» сөзінің ассоциативті өрісін қалыптастыру.

1) Мемлекет - билік 5, ел 5, президент 4, Қазақстан 4, тәуелсіз 3, Тоқаев 3, Отан 3, шекаралар 2, заң 2, аумақ 2, мемлекет 1, азамат 1, азаматтық 1, қазақ 1, қорғаныс 1, адамдар 1, халық 1, бөлек 1, саясат 1, үкімет 1, қазақстандық 1, ҚР 1, мықты 1, басқару 1, тіл 1.

2) Ассоциаттардың семалық интерпретациясы.

а) Адамдардың аумақтық бекітілген бірлестігі (ел 5, Отан 3, шекаралар 2, аумақ 2, адамдар 1, халық 1); ә) тарихи қалыптасқан (көне орыс 1, Қазақстан 4, Қазақстандық 1, ҚР 1); б) басқару аппараты бар (билік 5, президент 4, Тоқаев 3, заң 2, саясат 1, үкімет 1, басқару 1); в) егемендікке ие (тәуелсіз 3, қорғаныс 1, бөлек 1, мықты 1); г) адамның құқық иесі ретіндегі мәртебесін анықтайды (мемлекет 1, азамат 1, азаматтық 1); д) мемлекеттік тілдің болуы (тіл 1).

3) Алынған семаларға өрістік талдау.

Сөз семантикасының өзегін - а, б; жақын шеткері аймағын - ә, д; алыс шеткері аймағын - г, д семалары құрайды.

Талдауға түскен сөздердің компоненттік жіктемесі (5-кесте):

Ақпараттық құрамбөлік	Эмоционалды-бағалау құрамбөлігі	Тәжірибелік құрамбөлік
ел, адамдардың аумақтық бекітілген бірлестігі	мықты	қорғаныс, басқару

Осылайша, бірінші эксперименттен алынған анықтамалардан айырмашылығы, құрылған ассоциативті өрістер, негізгі, маңызды белгілерді, объектінің немесе құбылыстың міндетті құрамдас бөліктерін анықтайтын минималды когнитивті белгілерді қамтитын ақпараттық құрамбөліктен басқа, негізінен эмоционалды-бағалау, тәжірибелік және энциклопедиялық құрамбөліктерден тұрады.

Ассоциативті өрістің құрылымдық бөліктері мен оның мазмұны арасындағы байланыс симметриялы емес. Ақпараттық мазмұн және эмоционалды-бағалау, энциклопедиялық, тәжірибелік құрамбөліктер құрылған ассоциативті өрістің әртүрлі салаларына бөлінеді, ал құрылымдық компоненттердің белгілі бір өрістік аймақтарға қатаң бекітілуі жоқ.

Сонымен, *үшінші кезеңнің нәтижесі* бойынша студенттердің құқықтық сауаттылығының айтарлықтай жоғарғы деңгейге көтерілгенін байқатты. Мәселен, егер, студенттер бірінші кезеңде құқықтық сауаттылыққа баға беруде өз көзқарасын дәлелдей алмаса, кейіннен құқықтық сауаттылықтан білімдері жетілді, заң маманы ретінде танымдық қызығушылығы артты, өздігімен дербес ізденіске талпынды, қоршаған ортаға, қоғамдық мәселелерге өзіндік көзқарастары қалыптасты.

Зерттеу барысында біз студенттердің құқықтық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында оқу барысында ұйымдастырылатын студенттердің ғылыми жұмыстары мен оқу зеттеу жұмыстарының өзіндік дербес жұмыстарының, курстық жұмыстарының мүмкіндіктерін пайдаландық.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының барлық кезеңдерінде болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында біз олармен әр түрлі *аудиториядан тыс жұмыс формаларын* ұйымдастардық: ауызша журнал, құқықтық қонақ бөлме, заң қызметкерлерімен кездесулер және т.б.


Тәжірибелік-эксперименттің соңғы *бақылау кезеңінде* қайтара жүргізілген тест сұрақтары негізінде болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығының қалыптасу деңгейі анықталды. Болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығының қалыптасу деңгейлерінің қорытынды көрсеткіштері 6-кестеде көрсетілген.

6-кесте. Болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылықтарын қалыптастыру компоненттерінің даму деңгейінің қорытынды көрсеткіші (%)

Деңгейлер	Эксперимент тобы - 29		Бақылау тобы – 18	
	Басы	Соңы	Басы	Соңы
Жоғары	1, 8	14, 9	2, 1	2, 9
Жеткілікті	18, 5	29, 8	26, 7	28, 2
Орта	38, 7	51, 8	36, 4	36, 3
Төмен	41, 1	3, 5	34, 7	32, 5

Эксперименттің қорытынды нәтижесінен мынаны көруге болады: егер эксперимент басында болашақ заңгерлер жоғары деңгейді 1,8% көрсеткен болса, эксперимент соңында 14,9% жоғарылады; жеткілікті деңгейде 18,5% көрсетсе, соңында 29,8%-ға жетті, орта деңгейі басында 38,7% көрсетсе, соңында ол 51,8%-ға артты, ал төмен деңгейді басында 41,1% көрсетсе, соңында ол 3,5% төмендеді. Бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

1-сурет. Болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығының қалыптасу деңгейлерінің динамикасы (қорытынды нәтижелері)



Қорытындылай келе, тәжірибелік-эксперимент жұмысы болашақ заңгерлердің құқықтық сауаттылығын қалыптастыру моделінің, оның өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерінің дұрыстығын, біздің ұсынған әдістемеміздің тиімділігін дәлелдеді. Лингвистикалық эксперимент келесі міндеттерді орындады:

1) заң саласы мамандарын кәсіби даярлау үдерісінің тиімділігін қамтамасыздандыратын оңтайлы әдістемелік технологиялар мен құралдар айқындалды;

2) болашақ заң саласы мамандарын кәсіби даярлау үшін жасалған әдістемелік тапсырмалар практикада іске асырылды: талдауға түскен терминдердің семантикалық нұсқалары анықталды; әлі мамандықты толық игермеген студенттерден алынған заң терминдерінің түсіндірмелерін заң терминдері сөздігінде белгіленген түсіндірмелермен салыстырылды;

3) заң терминдерін түсіндіру стратегияларының мазмұнын ұсыну формалары талданды;

4) тәжірибелік-эксперимент жұмыстың нәтижелері математикалық-статистикалық өңдеуден өткізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі педагогика саласындағы зерттеулер ғылым мен мәдениетті кәсіптік білім беру теориясы мен әдістемесінің негізі ретінде қарастырады. Біз олардың көзқарастарын жүйелей отырып, кәсіби мамандардың жоғары дәрежедегі іс-әрекеттері біріншіден, оның кәсіби мәдениеттілігіне, екіншіден, оның кәсіптік білім алуына, қазіргі мәдениетке сай өмір сүруіне, тәрбиеленуіне, үшіншіден, қазіргі бәсекеге қабілетті, ойлау жүйесі жетілген, өзіндік пікірі бар, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасай алатын, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына, төртіншіден, рухани адамгершілік сезімінің қалыптасуына және әлем мен отандық мәдениетке бейімделуіне байланысты деп ой тұжырымдаймыз.

Осылайша, заң бағытындағы оқытын білім алушылар үшін кәсіби қазақ тілін оқытудың басты мақсаты - болашақ мамандарды даярлаудың маңызды міндеті болып табылатын іс-қағаздарды жүргізу және кәсіби қарым-қатынас жасаудың тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, заң терминологиясы білімінің маңызы зор. Заң терминологиясын зерттеу, терминологиялық бірліктерді іс жүзінде қолдану, термин қолданудың өзекті мәселелерін қарастыру болашақ заңгерлердің кәсіби-сөйлеу күзиреттілігін сәтті қалыптастыру мақсатына қол жеткізуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, мамандықты толық меңгеру үшін арнайы ұғымдар, яғни терминдер деп аталатын лексикалық бірліктерді білу және дұрыс қолдану қажет екенін тағы бір рет атап өту қажет. Құқық терминологиясы мысалында қарастырылған салалық терминологияны зерттеудің жүйелі тәсілі оқыту процесін оңтайландыруға алып келеді. Терминдердің лексикалық және ұғымдық сәйкестігі, олардың өзара байланысуы мен бір-біріне тәуелділігі терминологияны арнайы ұғымдар жүйесінің өзіндік тілдік негізі ретінде қызмет ететін тұтас терминологиялық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде ғылыми білімнің жүйелілігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Азизова С.М. (2016) Особенности профессионально-ориентированного обучения юридического профиля // Педагогический журнал. № 4. 727 с.
- Айтбаев Ө. (1998) Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы., 206 б.
- Байсалов С. (1960) Заң терминдерінің орысша – қазақша сөздігі. – Алматы., 187 б.
- Болатжан А. (2010) Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (заң және құқық саласы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы. 324 б.
- Жаналинов Г. (2013) Азаматтық құқықтық пәндер бойынша терминологиялық сөздік. – Қарағанды: Мектеп. 193 б.
- Қалиев Ф., Бизақов С. (2011) Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. – Алматы: Арыс. 744 б.
- Нұрғалиев Р. (1996) Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энци. Баспасы. 525 б.
- Пиголкина А. (1990) Язык закона. – Москва., 427 с.
- Токтоназарова К.А. (2020) Особенности профессионально-ориентированного обучения студентов юридического профиля // Вестник Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева. № 2. 170 с.
- Уәлиев Н. (1994) Сөз мәдениеті. – Алматы, 1994. - 210 б.
- Усынина Е.Е. (1999) Научный юридический текст. – Челябинск. 241 с.

REFERENCES

- Azizova S.M. (2016). Features of professionally-oriented legal education // Pedagogical journal. No. 4. 727 p. (in Rus.)
- Aitbaev O. (1988). Development and formation of Kazakh terminology. – Almaty. 206 p. (in Kaz.)
- Baisalov S. (1960). Russian – Kazakh Dictionary of legal terms. - Almaty. 187 p. (in Kaz.)
- Bolatzhan A. (2010) Russian-Kazakh terminological reference dictionary (law and legal sector). – Almaty: Center for the development of the state language. 324 p. (in Kazakh)
- Kaliev G., Bizakov S. (2011) Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 2. – Almaty: Arys. 744 p. (in Kaz.)
- Nurgaliev R. (1996) Philosophical Dictionary. – Almaty: Kazakh Enc. Publishing house. 525 p. (in Kaz.)
- Pigolkina A. (1990). The language of the law. Moskva: Pravovedenie. (in Rus.)
- Toktonazarova K.A. (2020) Features of professionally oriented education of students of a legal profile. Bulletin of the Kyrgyz State University named after I. Arabayev. Volume 2. 210 p. (in Rus.)
- Ualiev N. (1984) Word culture. Almaty: Mektep. (in Kaz.)
- Usynina E.E. (1999) Scientific legal text. Cheliabinsk: Nauka. (in Rus.)
- Zhanalinov G. (2013) Terminological dictionary on civil legal disciplines. – Karagandy: Mektep. (in Kaz.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www: nauka-nanrk.kz

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Заместитель директор отдела издания научных журналов НАН РК *Р. Жәліқызы*

Редакторы: *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 28.02.2023.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

27,5 п.л. Тираж 300. Заказ 1.

Национальная академия наук РК
050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19